

Келісемін:

Директордың оқу-ісі
жөніндегі орынбасары
Каренова А.С
« 09 / 09 2022ж.

Бекітемін:

«Ақмола облысы білім басқармасының
Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі
Макинск қаласының мектеп-лицейі» КММ
директорының м. б. А.Каренова
« 09 / 09 2022ж.



Үйде жеке тегін оқытылатын оқушыға арналған бағдарлама

Пән: сөйлеу жазу

Сынып: 6 «Ә»

Пән мұғалімі: Маханова Замира Абдигалиевна

2022-2023 оқу жылы

2022-2023 оқу жылына арналған бағдарлама
орташа ақыл-ой кемістігі бар
6-сынып білім алушысына арналған
" Сөйлеу жазу" пәні бағдарламасы

6-сыныпқа арналған «Сөйлеу жазу» пәнінің бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 352 бұйрығына 163-қосымшасы Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптары үшін " Сөйлеу жазу" пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы негізінде жасалды.

2022-2023 оқу жылында жұмыс оқу жоспарына сәйкес «Сөйлеу жазу» пәні аптасына 1 рет өтіледі.

Оқу пәнінің мақсаты – орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу тілінің қарапайым дағдыларын қалыптастыру және дамыту, оны қарым-қатынас құралы ретінде қолдану дағдыларын жетілдіру, әлеуметтік ортаға бейімдеу.

Оқу пәнінің міндеттері:

- 1) сөйлеу тіліндегі дыбыстарды дұрыс айтып, ажырату;
- 2) сөз қорын анықтау, кеңейту, толықтыру;
- 3) сөзжасам, сөзөзгерту дағдыларын меңгеріп, белсенді сөз қорында қолдану;
- 4) сөйлем құрау дағдыларын жетілдіру;
- 5) байланыстырып сөйлеуін дамыту;
- 6) өтілген ережелерді сақтап сөздерді, сөйлемдерді дұрыс жазуға үйрету;
- 7) жазбаша сөйлеу тіл бұзылыстарын түзету.

Оқу пәнінің 6-сыныптағы базалық білім мазмұны

Сөз түсінігін дамыту

- 1) қаратылып айтылған сөйлеу тілін түсінудің көлемін молайту;
- 2) бір-екі сатылық нұсқауларды түсіну, қайталау, орындау дағдыларын бекіту;
- 3) тақырыптар аясында, мәтінде кездесетін жаңа сөздердің мағынасын дұрыс түсініп, анық айту;
- 4) жалпылама сөздердің мағынасын түсіну (құстар, ағаштар, жемістер).

Дыбыс айтуын жетілдіру

- 1) жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды дұрыс, анық айту, ажырату;
- 2) дауысты дыбыстардың буын жасаудағы орнын, рөлін түсіндіру;
- 3) үндестік заңына байланысты сөздердің жуан, жіңішке болып айтылуы туралы түсінік беру;
- 4) сөздер арасынан сөз ағымынан жуан, жіңішке айтылған сөздерді табу;
- 5) қатан, ұяң дауыссыз дыбыстарды айту, ажырату;
- 6) бұзылған дыбыстарды түзету, бекіту;
- 7) фонематикалық қабылдауын дамыту;
- 8) буындық құрамы әртүрлі 2-3 ашық, жабық буын, сөздерді дұрыс, анық айтуын қалыптастыру, бекіту.

Сөз қорын молайту

- 1) сөздің семантикалық, морфологиялық құрылымын қалыптастыру;
- 2) өтілетін тақырыптар аясында заттың атын, қимылын, сапасын, санын білдіретін сөздерді түсініп, қолдануын белсендіру арқылы енжар, белсенді сөз қорын молайту;
- 3) түр-түсті, геометриялық пішіндердің атауларын ауызша сөйлеуде қолдануға жағдай жасау, бекіту;
- 4) есімдіктің түрлерін қолдану дағдыларын дамыту, бекіту; жалғау, жұрнақ қосылған сөздердің мағынасына көңіл бөлу, дұрыс түсініп қолдануын жетілдіру (бала – балалар, балаға, баламен; тау – тауға, таудай);

- 5) колданыста жиі кездесетін қолжетімді антоним, синоним сөздерді түсініп, қолдануға үйрету (жаман- жақсы; биік- аласа; әдемі –сұлу; тәртіпті –сыпайы; үлкен үй – биік үй, зәулім үй);
- 6) қос сөзден тұратын сөздердің мағынасын түсіндіру (шаңсорғыш, балмұздақ), қолдану;
- 7) жалпылама сөздердің мағынасын түсіну, қолдану;
- 8) уақыт мөлшерін білдіретін сөздерді (бүгін, кеше, ертең, кешке) түсінуге, қолдануға үйрету;
- 9) таныс заттардың бөліктерін атау (үстелдің аяғы, беті; орындықтың арқасы, аяғы);
- 10) кимыл әрекеті бойынша затты табу, атау жүреді, ұшады –құс; суда жүзеді -балық; үреді – ит;

11) еңістікті білдіретін сөздерді түсіндіру (арасында, қасында, жаңында, алыста).

Сөйлеу тілінің грамматикалық жағын дамыту

- 1) сөзжасам дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру, зат есімнен зат есім тудыратын жұрнақтарды пайдаланып үлгі бойынша сөзжасау: шы, ші – малшы, суретші; хана – асхана, емхана; гер-кер – дәрігер, бапкер (тренер);
- 2) қоссөзден тұратын сөздерді түсіну, сөйлемнен табу, берілген сөздерден бір сөз құрау (жан-ұя, ата- мекен, ел-басы, шаң-сорғыш);
- 3) сұрақ, үлгі, сурет бойынша септік жалғаулардың мағынасын түсініп, дұрыс қолдануын жетілдіру;
- 4) етістіктің шақтарын түсініп, меңгеру. "Кеше не істедің? Мен киноға бардым. Ертең не істейсің? Мен киноға барамын. Ол кеше не істеді? Сендер не істейсіңдер?";
- 5) әртүрлі сөйлемдер құру дағдысын дамыту. Сурет, сұрақ, іс-әрекет бойынша жай, жайылма сөйлемдер құрастыру;
- 6) баланың орындаған іс-әрекетінің кезектілігін сақтап, толық айтып беруге үйрету (Алма орнынан тұрып, үстелден доп алды. Немесе Алма тұрды, үстелге барды, доп алды);
- 7) өзі істеген іс-әрекетін айтып беру (нұсқау: сен барып тақтаны сұрт! Не істедің? Мен тақтаны сұрттім. Немен сұрттің?);
- 8) сөйлемдегі сөздің санын анықтау;
- 9) мәтіннен керекті сөйлемді бөліп айту;
- 10) бастаған сөйлемді аяқтау.

Байланыстырып сөйлеуін дамыту

- 1) диалогтық сөйлеу тілін жетілдіру. Әртүрлі жағдаяттарды қолданып балаларды сұрақ қоюға ммәжбүрлеу, үйрету (Кімнің қаламы екенін сұра!) тақырыптар аясында драматизация ойынын ұйымдастыру;
- 2) шағын мәтіндердің, сюжетті суреттердің мазмұнын түсіну. Мазмұны бойынша сұраққа жауап беру;
- 3) ұқсас заттарды салыстыру (алма- алмұрт, көйлек -палте), үлгі бойынша сипаттау;
- 4) ілеспелі әртүрлі суреттер бойынша сөйлем құрап, сосын сөйлемдердің барлығын қайталау;
- 5) тақырыптар аясында шағын көлемді, қысқа, ұқсас сөз тіркестерінен тұратын тақпақ, жұмбақ жаттау;
- 6) сөйлеу мәдениетін сақтап амандасу, қоштасу, сөйлесу дағдыларын бекіту.

Жазбаша сөйлеу тілін жетілдіру

- 1) дыбыстар қатарынан керекті дыбысты табу;
- 2) сөзде керекті дыбыстық бар, жоғын анықтау;
- 3) сөз басындағы дыбысты (созып айтқанда) атау (ааа-й, ооо-т, ээ-ке);
- 4) әртүрлі буын қатарларын, бір буынды сөздерді қайталау;
- 5) дыбыс пен әріпті сәйкестендіруін бекіту;
- 6) өтілген ережелерді жазу кезінде сақтауға үйрету (бас әріп, нүкте қою, тасымал);
- 7) қысқа сөйлемдерді (қадағалаумен, көмекпен) көшіріп жазу;
- 8) түсіп қалған әріпті қойып сөздерді көшіріп жазу;
- 9) кеспе әліппе әріптерінен сөз құрау, жазу;

Пәндік нәтижелер.

- 1) дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту, ажыратуды;
- 2) фонематикалық есту қабілетін дамытуды;

Күнтізбелік-тақырыптық жоспар

Сөйлеу жазу
6 «Ә» сынып

Реті	Сағат саны	Сабақтың тақырыптары	Оқудың мақсаттары	Сағат саны	Мерзімі	Ескерту
8 сағат						
1	1	Кел, танысайық!	Білім әлемі туралы түсінік беру. «1 Қыркүйек - Білім күні» екенін айтып, білім алу мақсатында алғаш мектеп, балабақша табалдырығын аттаған балаларды құттықтау.	1	06.09.22ж	
2	2	Жазу.	Жазу ережелерімен таныстыру.	1	13.09.22ж	
3	3	Мен үлгілі баламын	Сөйлеу барысында дауыс ырғағын, қарқынын, сөз арасындағы кідірісті және вербалды емес қарым-қатынас құралдарын (ым-ишара, қимыл т.б.) қолдану.	1	20.09.22ж	
4	4	Тік киғаш сызықтар.	Мұғалімнің көмегімен тік киғаш сызықтар салу.	1	27.09.22ж	
5	5	Өскенде мен кім боламын?	Өртүрлі мамандықтар туралы білімдерін толықтыру. Сурет бойынша қойылған сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру	1	04.10.22ж	
6	6	Отан деп соғалды жүрегім	Отан туралы түсініктерін кеңейту. Туған жерге деген сүйіспеншілік сезімдерін дамыту.	1	11.10.22ж	
7	7	Сызықтар.	Сызықтарды параллель жүргізу.	1	18.10.22ж	
8	8	Алтын күз	Күз қажайыптару туралы әңгімелеу.	1	25.10.22ж	08.11.22ж
8 сағат						
9	1	Кітап-алтын казына	Тілдік шығармашылыққа тұрақты қызығушылығын тәрбиелеу, шығарманы мұқият тыңдап, үзіндісін жағату.	1	08.11.22ж	
10	2	Мен білімді баламын	Жаңа сөздерді қатыстырып, сөз тіркестері және сөйлемдер құрату арқылы сөйлеу тілін дамыту.	1	15.11.22ж	
11	3	Мектеп ауласында	Әңгіменің мазмұнын бұзбай әңгімелеп беруге үйрету. Тілдің грамматикасын дұрыс сақтау дағдысын қалыптастыру. Сөздік қорын дамыту	1	22.11.22ж	
12	4	Мектептегі оқиға	Мектеп, мектепке қажетті құралдары туралы түсінік беру.	1	29.11.22ж	

13	«Ілмек біз» сызықтары. <i>Б. М. Б.</i>	Сурет бойынша сұрақтарға толық жауап беруге үйрету.	1	06.12.22ж
14	Атамның ауылында	«Ілмек біз» сызықтарды мұғалімнің көмегімен сызу..	1	13.12.22ж
15	«Ілмек» сызықтар.	Үлкендерді сыйлауға, олардың еңбегін бағалауға тәрбиелеу.	1	20.12.22ж
16	Бақытты отбасы <i>Ә. М. Б.</i>	Ілмек сызықтарды мұғалімнің көмегімен сызу	1	27.12.22ж
10 сағат				
17	Қос ішекті домбыра	Домбыраның қасиеті туралы, оның неден жасалғаны туралы түсіндіру.	1	10.01
18	Қысқы орман	Қыс мезгілі туралы әңгімелетіп, бір-біріне камкор, дос болуға, ұйымшылдықпен ойнауға тәрбиелеу.	1	14.01
19	Менің досым	Қарым-қатынастағы түрлі жағдаяттарда әдептілік сөздерін қолдана білу	1	24.01
20	Әріп	Әріп жазуға дайындық элементтермен танысу.	1	31.01
21	Сезім мүшелері	Сезім мүшелері туралы және олардың қызметтері туралы түсінік беру. адамның иіс сезу және дәм сезу, адамның ауруы туралы, сезім мүшелерінің қызметін салыстыру арқылы түсініктерін кеңейту.	1	7.02
22	Дене бітімі дегеніміз не?	Ертеңгілік жаттығулардың денсаулыққа пайдасы жөнінде айту.	1	14.02
23	Әріп элементтерін бөлек салу.	Әріп элементтерін бөлек салуды үйрену.	1	21.02
24	Көлік және байланыс құралдары	Байланыс құралдарының адам өміріндегі қажеттілігін түсініп, олардың қолданылу аясын атау	1	28.02
25	Туған өлке	Өз өңірінде бағдарлану тәсілдерін және өз үйінің (тұрғылықты мекенжайын) мекенжайын атау	1	28.02
26	Сезім мүшелері	Сезім мүшелері туралы және олардың қызметтері туралы түсінік беру. адамның иіс сезу және дәм сезу, адамның	1	4.03

27	10	Әріп элементтерін қосып, бірге салу.	ауруы туралы, сезім мүшелерінің қызметін салыстыру арқылы түсініктерін кеңейту. Әріп элементтерін қосып, бірге салуды үйрену.	1	14.03	
9 сағат						
28	1	Кіші әріп элементін үзіліссіз жазу	Кіші әріп элементін үзіліссіз жазуды үйрену	1	28.03	
29	2	Тамақтану мәдениеті	Тамақ ішу мәдениетінің ережесін бекіту. Тамақтану барысындағы мәдениеттілікті, тазалық пен қауіпсіздікті сақтай білуге тәрбиелеу.	1	4.04	
30	3	Дәрумендер	Дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы айтып түсіндіру.	1	11.04	
31	4	Қонақжайлық	Қонақжайлық туралы түсінік беру; жағымды қарым-қатынас дағдыларын дамыту; әдептілікке тәрбиелеу.	1	18.04	
32	5	Мен білетін жақсы сөздер. Сөз	Сөз бен сөйлемді ажыратып, сөздің, сөйлемнің мағынасын түсіну.	1	25.04	
33	6	Бас әріп элементін үзіліссіз жазу	Бас әріп элементін үзіліссіз жазуды үйрену.	1	2.05	
34	7	Бәріміз тақпақ айтамыз. Буын б. м. б	Сөздерді буынға бөлу, буын деген ұғымды қалыптастыру. Сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажыратып, дұрыс дыбыстау	1	16.05	
35	8	Айналамдағы дыбыстар. Дыбыс.	Сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажыратып, дұрыс дыбыстау	1	23.05	
36	9	Оқу құралдары хикаясы б. м. б	Балаларға әңгіме арқылы оқу құралдарының пайдасын түсіндіру.	1	30.05	